

Бекітемін:

№8 «Тілашар» бөбекжай-балабақшасының
меңгерушісі Э.Әйтбембет



«Қызылорда облысының білім баскармасының Қызылорда ауданы бойынша
білім бөлімінің №8 «Тілашар» бөбекжай-балабақшасы» коммуналдық
мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының 2024-2025 оқу жылындағы «Сыбайлас
жемқорлыққа қарсы күрес жұмыстарының іс-шара жоспары

Р/С	Атқарылатын іс-шара атауы	Мерзімі	Жауапты
1	Сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын құқық бұзушылықтар және олар үшін жауапкершілік	Үнемі	Э.Әйтбембет
2	Балалар тамағын ұйымдастыру және құнарлы тамақтануын қамтамасыз ету, бақылауда ұстау	Үнемі	А.Кожаметова
3	Сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз (дөңгелек үстел)	Қараша	Ж.Курманалиева
4	Сыбайлас жемқорлықпен күресу баршамыздың міндетіміз (пікірталас)	Қаңтар	М.Рахмет
5	«Жемқорлық-қоғам дерті» (дөңгелек үстел)	Наурыз	А.Бахтыбаева
6	Жемқорлық індет-жою міндет (сауалнама)	Мамыр	М.Маханбетиярова



Бекітемін:

№8 «Тілашар» бөбекжай-балабақшасының
менгерушісі *Г.Жаримбетова* Г.Жаримбетова

**«Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы
бойынша білім бөлімінің №8 «Тілашар» бөбекжай-балабақшасы»
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының
2023-2024 оқу жылындағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес
жұмыстарының іс-шара жоспары**

р/с	Атқарылатын іс-шара атауы	Мерзімі	Жауапты
1	Сыбайлас жемқорлыққа жағдай тудызатын құқық бұзушылықтар және олар үшін жауапкершілік	Үнемі	Г.Жаримбетова
2	Балалар тамағын ұйымдастыру және құнарлы тамақтануын қамтамасыз ету, бақылауда ұстау	Үнемі	А.Кожакметова
3	Сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз (дөңгелек үстел)	Қараша	Ж.Курманалиева
4	Сыбайлас жемқорлықпен күресу баршамыздың міндетіміз (пікірталас)	Қаңтар	М.Рахмет
5	«Жемқорлық-қоғам дерті» (дөңгелек үстел)	Наурыз	Ж.Шүкірбаева
6	Жемқорлық індет-жою міндет (сауалнама)	мамыр	М.Маханбетярова

№8 «Тілашар» бөбекжай-балабақшасы

Тақырыбы: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!»

Дөңгелек үстел

Басықара ауылындағы №8 «Тілашар» бөбекжай-балабақшасының қызметкерлері арасында **«Сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!»** тақырыбында дөнгелек үстел ұйымдастырылды.

20.11.2024жыл

Дөнгелек үстелдің мақсаты:

Балабақша қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлықтың зияны туралы түсінік беру, адалдық пен әділдік қағидаттарын насихаттау.

Өткізу форматы: Дөнгелек үстел

Қатысушылар: Балабақша қызметкерлері

Іс-шара барысы:

1. Кіріспе сөз – балабақша меңгерушісі Г.Жаримбетова өз сөзінде сыбайлас жемқорлық қоғамның дамуына кедергі келтіретін, әділдік пен сенімді бұзатын өте күрделі әлеуметтік құбылыс. Ол мемлекеттік органдардың, білім беру, денсаулық сақтау сияқты маңызды салалардың жұмысына кері әсерін тигізіп, халықтың мемлекетке деген сенімін төмендетеді.

- Сыбайлас жемқорлықтың қоғамға тигізетін зияны.
- Адалдық пен ашықтықтың маңыздылығы туралы атап өтті.

2. Презентация немесе қысқаша бейнеролик:

- "Сыбайлас жемқорлық деген не?"
- Оның түрлері мен салдары.

3. Талқылау сұрақтары:

- Сіз өз қызметіңізде әділдік қағидаттарын қалай қолданасыз?
- Балабақшада ашықтықты арттыру үшін қандай қадамдар жасауға болады?

4. Сөз кезегі – балабақша қызметкері Оспанова Сабира апай өз сөзінде сыбайлас жемқорлықпен күресу үшін ең алдымен білім мен тәрбие арқылы жастардың санасына адалдық, әділеттілік сіңіру керек. Сонымен қатар, ашықтық пен бақылау, заңның үстемдігі, ақпараттық технологияларды пайдалану маңызды рөл атқарады.

Қорытынды сөз кезегі – балабақша меңгерушісі Г.Жаримбетова сыбайлас жемқорлық бүгінгі күннің ең өзекті мәселелерінің бірі. Ол жеке адамның ғана емес, мемлекеттің дамуына кедергі келтіреді. «Адалдық – тәрбие басы» екенін еске салу. Мекемеде сыбайлас жемқорлыққа жол берілмейтіні жөнінде нақты ұстаным білдіру.

Қорытынды: Қорытындылай келе сыбайлас жемқорлықпен күрес-тек билікке емес әр азаматқа жүктелген ортақ міндет. Егер әрқайсысымыз заң мен ар-ожданды бірінші орынға қойсақ, онда бұл кеселден арылуға толық мүмкіндік бар.



№8 «Тілашар» бөбекжай-балабақшасы

Тақырыбы:

«Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!»

Баяндама

Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік кәсірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық.

«Сыбайлас жемқорлық» деген түсінік мағынасына этимологиялық қарау мұны «параға сатып алу», «пара» ретінде, «соптуріо» деген латын сөзін алып, анықтауға мүмкіндік береді. Рим құқығында сондай-ақ «соптуріге» түсінік болған, ол жалпы сөзбен айтқанда «сындыру, бүлдіру, бұзу, зақымдау, жалғандау, параға сатып алу» деген түсінік беріп, құқыққа қарсы іс - әрекетті білдірген. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі сыбайлас жемқорлықты пара беріп сатып алу, лауазымды адамдардың, саяси қайраткерлердің сатқындығы ретінде сипаттайды.

Мемлекеттің дамуына бармақ басты, бұрынғы өткен ата-бабаларымыз да дөп басып «тура биде туган жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген. Олардың әділдік пен турашылдықты ту еткендігін ғасыр қайраткерлері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би және тағы да басқа біртуар билер мен шешендердің өмірі дәлел болатындығын біз тарихтан жақсы білеміз.

Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Өмір көрсеткендей, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, паракорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, көрінеу жалған сөз жеткізу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, көрінеу жалған жауап беру, сарапшының жалған қорытындысы немесе қате аудару, жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтаруға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу, лауазымды адамдардың сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау, осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады.

Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік – экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру инвестициялар тарту процесін баяулататын және демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететін, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс. Елбасы биылда «Қазақстан халқының әлауатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты өзінің Қазақстан халқына Жолдауында «демократиялық қоғам жағдайында қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ерекше мәнге ие болады» деп атап көрсетті. Яғни бұл мемлекеттің осы жағымсыз құбылысты жою бағытындағы кешенді және жүйелі күрес жүргізу саясаты жанданып, әрі қарай жалғасын табады деген сөз.

Сонымен қатар сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет. Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат болып табылады.

Осы мақсаттағы жұмыстарды жүйелі жүргізуге тағы бір серпін ретінде «Қазақстан Республикасында қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту және құқық қорғау қызметін одан әрі жетілдіру жөніндегі қосымша шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы қолданысқа енгізілген. Бұл Жарлық еліміздегі құқық қорғау органдары қызметтерін жетілдіруге бағыттала отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттермен олардың пайда болуының алдын-алуда жүйелі, әрі тұрақты шаралар атқаруды қамтамасыз етеді.

Қызмет құзыреті бойынша Тәртіптік кеңесі Қазақстан Республикасының «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметкерлерінің Әдеп кодексі талаптарының сақталуын қадағалап, аталған заңнама мен кодекс талаптарының бұзылуына жол берген қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігін қарау белгіленген.

Кез-келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі болып осы зұлымдықпен күресу болып табылады.

Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ушықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.

Хаттама №1

«Қызылорда облысы білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің №8 «Тілашар» бөбекжай-балабақшасы» қызметкерлерінің

жалпы жиналыс

Хаттамасы №1

Қатысқаны – 18

12.03.2025 ж

Қатыспағаны- 4

Күн тәртібінде: Алаяқтықтан аулақ болу, алаяқтарға алданбау туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу

Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі Э.Әйтбембет: Қоғамда түрлі алаяқтар, әр түрлі жолдармен адамдарды алдап айла-амалдарға баруда. Алаяқтар көбіне өздеріне сенімді, адамдардың моральді-психологиялық тұрғыдан зерттеп, өздерінің пайдалын жүзеге асыру үшін психологиялық тұрғыдан өте шебер пайдалады. Оларды зерттеп алып, сеніміне кіріп, оңай ақша табудың адам ойына келмейтін тәсілдерініске асырады.

Жалпы алаяқтардың арбауына түспеудің жолы қандай? Ол үшін алаяқтық дегеннің не екенін түсініп алу артық емес. **Алаяқтық** – алдау немесе сенімге кіру арқылы бөтеннің мүлкіне қол сұғу, ия болмас бөтен мүліктің құқығына ие болу арқылы іске асатын қылмыс боп табылады.

Қазақстанда алаяқтық үшін қылмыстық жауапкершілік белгіленген. Ол, Қылмыстық кодекстің 190-бабына сәйкес осы қылмыс үшін жауапқа тартылады. Алаяқтық үшін берілетін ең жоғарғы жаза – бас бостандығынан 10 жылға дейін айыру.

Қылмыстардың басым көпшілігі жұмысқа тұрғызып беремін деп алдап, сеніміне кіріп, алаяқтық жолмен ақша алу т.б тәсілдер арқылы жалғасуда. Жұмыс орындарына орналасуға үшінші адам қажет емес, бос жұмыс орны бар деген мекемеге барып, кадр бөлімі арқылы мән жайды білу керек. Егер жоғары, арнаулы оқу орындарын бітірген маман болса, конкурсқа құжат тапсыру керек екендігі туралы айтылды. Егер сіз сондай жағдайларда ақша ұсыну арқылы жұмысқа тұруды көздесеңіз, сыбайлас жемқор ретінде тиісті органдарға жауап беріп кетуіңіз мүмкін..

Сонымен қатар жалған кредиттер рәсімдеу туралы толығырақ токталады. Алаяқтар әрқашан сенімді, мұқият тыңдайды, құрметпен сөйлеседі. Өз тәжірибелерінде олар психологиялық, эмоционалдық тәсілдерді, әлеуметтік



№8 «Тілашар» бөбекжай-балабақшасында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» тақырыбында ұйымдастырылған жиналыстың хаттамасы

№ 2 хаттама

Тақырыбы: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл»

Өткізілген күні: 17.04.2025 жыл

Қатысқандар: 18

Қатыспағаны: 5

Күн тәртібі

1. «Жемқорлықсыз жол: сенімді жол» баяндама
Балабақша меңгерушісі Э.Әйтбембет.
2. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары»
Әдіскер М.Рахмет
3. «Сыбайлас жемқорлық саясатының мақсаттары мен міндеттері»
Кәсіподақ комитетінің төрайымы: Ж.Құрманалиева

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі.- «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың жобасы» Қазақстан Республикасының Заңымен жиналғандардың бәрін таныстырған балабақша меңгерушісі, бұл Заң азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік органдардың, лауазымды адамдар мен мемлекеттік функцияларды жүзеге асыратын басқа да адамдардың тиімді жұмысын қамтамасыз ететін сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қатерлер. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі қағидалары атап өтілді: заң мен сот алдында барлығының теңдігі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте көмек көрсететін азаматтардың жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Ол барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлықпен күресуге міндетті екенін хабарлады. Сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын құқық бұзушылықтардың алдын-алу туралы айтылды. Кез-келген нысанда сыбайлас жемқорлықтың алдын-алуға бағытталған әңгіме өткізілді.

Сөз алды: тәрбиеші Бахтыбаева А.-тәрбиешілердің балабақшада ақша жинауға жол берілмейтіндігін атап өтті.

Сөз алды: Кәсіподақ төрайымы Ж.Құрманалиева сыбайлас жемқорлық саясатының мақсаттары мен міндеттерімен таныстырып өтті:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты қалыптастыру, оның алдын алу көріністерін азайту.
2. Құқықтық мәдениет деңгейін жоғарылату, құрылымдық және қоғамдық ұйымдардың жұмысын қамтамасыз ететін қабылданған шешімдердің ашықтығы және жариялылығы.
3. Оқу-білім үрдісінде педагогтар мен ата-аналар тарапынан болатын келенсіз әрекеттердің алдын алу және оларға қатаң бақылау қою.

Әр педагог білуі тиіс:

- Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылық пен күрестің нормативтік құқықтық базасын;
- Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылық үшін жауапкершілікке тартылу тәртібі;
- Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу және жол бермеу;
- Сыбайлас жемқорлыққа байланысты әр түрлі іс-әрекеттерге қарсы шығу керек-деп қорытындылады.

Шешімі:

1. Балабақша ұжымы сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартының міндеттерімен келіседі және толығымен орындайды.
- Орындау мерзімі: тұрақты.

Қаулы етті:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары жүзеге асырылсын;
Жауапты: Әдіскер М.Рахмет
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы дөңгелек үстел ұйымдастырылсын.
Жауапты: Кәсіподақ төрайымы Ж.Құрманалиева



Менгеруші

Э.Әйтбембет

Э.Әйтбембет

Хатшы:

Д.Қутманбетова

Д.Қутманбетова